

КЕЛІСІЛДІ
Россельхознадзор
Жетекшісінің орынбасары

К.А. Савенков
1 шілде 2022 ж.

Дәрілік препаратты ветеринарияда қолдану жөніндегі
НҰСҚАУЛЫҚ

Фиприст® Спот Он

(әзірлеуші ұйым «КРКА, д.д., Ново место» АҚ, Шмарьешка цеста 6, 8501
Ново место, Словения / «KRKA, d.d., Novo mesto»,
Šmarješka cesta 6, 8501, Novo mesto, Slovenija)

Тіркеу куәлігінің нөмірі_705-3-14.15-3012№ПВИ-3-8.0/03272

I. Жалпы мәліметтер

1. Дәрілік препараттың саудалық атауы: Фиприст® Спот Он (Fipryst Spot On).

Халықаралық патенттелмеген атауы: фипронил.

2. Дәрілік түрі: сыртқа қолдануға арналған ерітінді.

Фиприст Спот Он құрамында әсер етуші заттар ретінде фипронил – 1 мл-де 100 мг, ал қосымша заттар ретінде - повидон, полисорбат, бутилгидроксианизол, бутилгидротолуен және диметилсульфоксид бар.

3. Сыртқы түрі бойынша Фиприст® Спот Он сарғыш түсті мөлдір ерітінді болып табылады.

Препараттың жарамдылық мерзімі сақтау шарттары сақталған жағдайда – дайындалған күнінен бастап 3 жыл.

Жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін дәрілік препаратты қолдануға тыйым салынады.

4. Фиприст® Спот Он 0,5; 0,67; 1,34; 2,68; 4,02 мл-ден полиэтилен пипеткаларға өлшеп салынған, алюминий фольгадан жасалған пакеттерге бір данадан орналастырылған түрде шығарылады. Пипеткалар қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаларға үш данадан қапталады.

5. Дәрілік препаратты өндірушінің жабық қаптамасында, тамақ өнімдері мен жемдерден бөлек, тікелей күн сәулесінен қорғалған жерде, 0° С-ден 25° С-ге дейінгі температурада сақтайды.

6. Фиприст® Спот Он балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

7. Пайдаланылмаған дәрілік препаратты заңнамалық талаптарға сәйкес утилизациялайды. Пайдаланылмаған препаратты жойған кезде оның табиғи су қоймаларына және ауыз суға түсіп кетуіне жол бермеу керек.

8. Ветеринарлық дәрігердің рецептісіз босатылады.

II. Фармакологиялық қасиеттері.

9. Фиприст® Спот Он – жанаспалы әсер ететін инсектоакарицидтік дәрілік препарат.

10. Фиприст® Спот Он мыналарға қатысты белсенді:

- бүргелер дамуының жыныстық жетілген фазалары *Ctenocephalides spp.*;
- жүнжегілер *Trichodectes canis*, *Felicola subrostratus*;
- иксодтық кенелер (дамудың барлық фазалары) *Rhipicephalus sanguineus*, *Dermacentor variabilis*, *Ixodes spp.*, *Haemaphysalis spp.*;
- биттер *Linognathus setosus*;
- саркоптоидтық кенелер *Sarcoptes scabiei var. canis*;
- масалар *Aedes aegypti*;
- құлақ кенелері *Otodectes cynotis*.

Препараттың құрамына кіретін фипронилдің әсер ету механизмі буынаяқтылардың ГАМК-тәуелді рецепторларын бөгеуге, жүйке импульстарының берілуін бұзуға негізделеді, бұл эктопаразиттердің салдануына және қырылуына әкеледі.

Препаратты теріге қолданудан кейін фипронил іс жүзінде жүйелі қан ағымына сіңбей-ақ, бүкіл дене беткейіне 24 сағаттың ішінде бірте-бірте таралады, эпидермисте, жүн түйіндерінде және май бездерінде жинақталып, ұзақ мерзімді жанаспалы инсектоакарицидтік әсер көрсетеді, жануарды эктопаразиттерден қорғауды қамтамасыз етеді. Жануарды бір рет өңдеу бүргелер мен кенелердің сәйкесінше 24 және 48 сағаттың ішінде жойылуын қамтамасыз етеді.

Фиприст® Спот Он организмге әсер ету дәрежесі бойынша қауіптілігі орташа заттарға жатады (МЕМСТ 12.1.007-76 бойынша қауіптіліктің 3-класы), ұсынылған дозаларда теріні тітіркендіретін, резорбциялық-уыттылық әсерін тигізбейді, көзге тиіп кеткен кезде әлсіз тітіркендіру туғызады. Препарат үй қояндарына, сондай-ақ балықтарға және басқа гидробионттарға уытты.

III. Қолдану тәртібі

11. Фиприст® Спот Он иттер мен мысықтарға 8 апталық жастан бастап энтомоздарда, отодектозда, кенелерден (иксодтық, хейлителиалар) зақымдануда, сондай-ақ бүргелерден туындайтын аллергиялық дерматиттің кешенді емінде тағайындалады.

12. Қолдануға болмайтын жағдай жануардың препарат ингредиенттеріне жеке жоғары сезімталдығы болып табылады (оның ішінде анамнезде). Фиприст® Спот Он препаратын инфекциялық аурулармен ауыратын және әлсіреген жануарларға, дене салмағы 2 кг-ден аз иттерге, салмағы 1 кг-ден аз мысықтарға қолдануға тыйым салынады.

Препаратты дабыл жарғағы тесілгенде аурикулярлық қолдануға (құлақ қышымасында) қолдануға жол берілмейді.

13. Фиприст® Спот Он препаратымен жұмыс істеген кезде дәрілік заттармен жұмыс істеуде көзделген жеке гигиена мен қауіпсіздік техникасының жалпы ережелерін сақтау керек. Жұмыс істеу кезінде темекі тартуға, ішуге немесе тамақтануға рұқсат етілмейді. Жұмыс аяқталғаннан кейін қолды жылы сумен жуғыш затпен жуу керек. Өңдеуден кейін 24 сағаттың ішінде жануарды сипауға және кішкентай балаларға жіберуге болмайды.

Фипронилге аса жоғары сезімталдығы бар адамдар препаратпен тікелей жанасудан аулақ болғаны жөн.

Препараттан қалған бос қаптама тұрмыстық қалдықтармен бірге утилизациялауға жатады.

Препарат теріге немесе шырышты қабықтарға абайсызда тиіп кеткен кезде оны дереу ағынды сумен сабындап жуу керек. Аллергиялық реакциялар пайда болған жағдайда және/немесе дәрілік препарат адамның организміне кездейсоқ еніп кеткен кезде дереу медициналық мекемеге жүгіну керек (препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулықты немесе заттаңбаны өзіңізбен ала бару керек).

14. Препаратты өсіруге арналған жануарларға, сондай-ақ буаз және лактациядағы аналықтарға қолдануға рұқсат етіледі. Фиприст® Спот Он 8 аптадан кіші күшіктер мен мысықтарға қолдануға тыйым салынады.

15. Фиприст® Спот Он жануарларға зақымданбаған құрғақ теріге бір рет топикальді жағу әдісімен, әртүрлі өлшемдегі пипеткаларды пайдалану арқылы қолданылады (жануардың түрі мен салмағына байланысты).

Қолданар алдында препаратты бөлме температурасында (14°C-ден жоғары) 1 сағатқа жуық ұстау керек. Пипетканың ұшын төңкерілген қалпақшамен теседі, жануардың арқа тұсындағы (жауырындардың арасындағы) жүнін ашады және, пипетканы қысу арқылы препаратты теріге бір немесе бірнеше нүктеде келесі дозаларда жағады:

Жануардың түрі салмағы (кг)	Пайдаланылатын пипетканың көлем (мл)/ фипронил мөлшері (мг)	Пипеткалардың саны
Иттер:		
2-10	0,67/67	1
10-20	1,34/134	1
20-40	2,68/268	1
40-60	4,02/402	1
Мысықтар	0,5/50	1

Салмағы 60 кг-ден асатын иттерді өндегенде әртүрлі көлемдегі пипеткалардың біріктірілімін пайдаланады. Салмағы 10 кг-ден асатын мысықтарды өндегенде көлемі 0,5 мл 2 пипетканы пайдаланады.

Препараттың иксодтық кенелерге қарсы қорғағыш әсерінің ұзақтығы мысықтарды өңдеуден кейін 4 аптаға дейін, иттерді өңдеуден кейін –5 аптаға дейін құрайды; бүргелерге қарсы қорғағыш әсерінің ұзақтығы мысықтарды өңдеуден кейін – 5 аптаға дейін, иттерді өңдеуден кейін 4-тен 12 аптаға дейін құрайды.

Жануарларды қайталап өңдеуді көрсетілімдер бойынша жүргізеді, бірақ төрт аптада бір реттен жиі емес.

Жануарлардың бүргелермен қайтадан инфестациялануына жол бермеу үшін, бірге тіршілік ететін мысықтар мен иттердің барлығын бірге өңдеу, сондай-ақ төсеніштерін ауыстыру немесе қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес оларды инсектицидтік дәрілермен өңдеу ұсынылады. Отодектозды емдеу үшін Фиприст® Спот Он әрбір құлаққа 4-6 тамшыдан тамызады (тамшыларды міндетті түрде екі құлаққа да енгізеді). Препарат біркелкі таралуы үшін құлақ жарғағын екіге бүктейді және оның түбін аздап уқалайды. Пайдаланылған пипеткадағы препарат қалдығын (жануардың салмағына есептегенде), жауырындардың арасындағы теріге жағады (бір реттік өңдеу).

Отодектоз отитпен асқынған кезде микробқа қарсы және қабынуға қарсы дәрілерді тағайындайды.

Жануарларды өңдеуден кейін 48 сағатың ішінде жууға және табиғи су көздерінде шомылдыруға, сондай-ақ препаратты дымқыл немесе зақымданған теріге жағуға болмайды.

16. Препаратты осы нұсқаулыққа сәйкес қолданған кезде, әдетте, жағымсыз құбылыстар мен асқынулар байқалмайды. Препарат жағылған жерде өте сирек жағдайда жүнінің жабысып қалуы, айқындығы әлсіз тері реакциясы (қышыну, жүннің түсуі, терінің қызаруы) болуы мүмкін. Жеке сезімталдығы жоғары болғанда және аллергиялық реакциялар пайда болғанда препаратты сабынды сумен немесе жануарлар сусабынымен жуып тастау және қажет болса, десенсибилизациялаушы ем жүргізу қажет.

17. Елеулі артық дозалану кезінде жануарда сілекейдің шамадан тыс бөлінуі, бұлшықеттің дірілдеуі, құсу байқалуы мүмкін. Мұндай жағдайда препаратты жуғыш заты бар сумен жуып тастайды және оны организмнен шығарып тастауға бағытталған жалпы шаралар қолданылады.

18. Фиприст® Спот Он жануарларды өңдеуге арналған басқа инсектоакарицидтік дәрілермен бірге қолдануға болмайды.

19. Дәрілік препаратты алғаш рет қолданғандағы немесе тоқтатқандағы әсер ету ерекшеліктері анықталған жоқ.

20. Препаратты қолдану сызбасының бұзылуынан аулақ болу керек, өйткені бұл оның емдік әсерінің тиімділігі төмендеуіне әкелуі мүмкін. Кезекті өңдеуді өткізіп алған жағдайда оны сол дозада мүмкіндігінше тезірек жүргізу керек.

21. Фиприст® Спот Он препараты өнім өндірілетін жануарларға қолдануға арналмаған.

алаңдарының атауы және мекенжайы

Дәрілік препаратты тіркеу куәлігінің иесінің немесе ұстаушысының тұтынушыдан шағымдарды қабылдауға өкілетті ұйымының атауы, мекенжайы.

место»/«KRKA, d.d., Novo mesto» АҚ

1. Šmarješka cesta 6, 8501 Novo mesto, Slovenija;

2. Povhova ulica 5, 8501 Novo mesto, Slovenija.

«КРКА-РУС» ЖШҚ, 125212,

Мәскеу қ., Головинское тас

жолы, 5-үй, 1- корпус

Тел.: (495) 981-10-95, факс: (495)

981-10-91.